



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –  
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ  
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ  
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

обходимо подготовить девайз, его можно сделать из футляра из-под компакт диска, главное, чтобы он был прозрачный.

Один из способов проведения организованной учебной деятельности в детском саду является подготовка видео-занятий, посредством создания презентаций Power Point.

Компьютерная презентация Power Point - мультимедийный продукт, представляющий собой последовательность выдержанных в одном графическом стиле слайдов, содержащих текст, рисунки, фотографии, анимацию, видео и звуковой ряд.

Воздействуя на слуховые и зрительные анализаторы, мы погружаем ребенка в образовательную виртуальную реальность. Данный способ можно сделать более совершенным – используя в презентации Power Point триггеры, GIF изображения, таймлапсы.

*Триггер* - это объект на слайде (надпись, фигура), при нажатии на который запускается анимация одного или нескольких объектов.

Использование триггеров в презентации позволяет запускать анимацию объектов в произвольном порядке, а не по очереди, как это происходит обычно, посредством чего ребенок может активно взаимодействовать с картинкой, так мы воздействуем на слуховые и зрительные анализаторы.

Еще одним способом применения виртуальной реальности, являются *гиф-изображения* - в которых картинка «оживает».

GIF (англ. Graphics Interchange Format «формат для обмена изображениями») - растровый формат графических изображений. Проще говоря, гиф-изображение - это анимационное подвижное изображение, которое позволяет избежать не привлекающую статичность картинки.

Одним из необычных средств является *таймлапс* – ускоренные видео медленных и долгих по длительности процессов [3].

Таким образом, мы рассмотрели некоторые интерактивные методы обучения, такие как система триггеров, презентации, ролики в стиле таймлапс, раскраски Quiver - 3D, голограммы, которые позволяют организовать дистанционный образовательный процесс с детьми дошкольного возраста более эффективно.

#### Список литературы:

1. А.Сизов, И.Лосев, В.Воронов, Д.Марков, Е.Карпина. Что такое QR-код (Quick Response Code)? Как создать и сканировать QR-код на смартфоне?// Информационный аналитический портал «Майнинг Криптовалюты», 2020. <https://yandex.kz/turbo/mining-cryptocurrency.ru/s/qr-code/>
2. Якименко К.Н. Виртуальная реальность // CYBERPSY, 2020. <https://cyberpsy.ru/articles/yakimenko-virtual-reality/>
3. Гук М. Аппаратные интерфейсы ПК. Энциклопедия, 2002 – 173с.
4. Белкин Е.Л. Психолого-дидактические основы построения эффективных методик обучения / Е.Л. Белкин, А.М. Иванов. - М: Просвещение, 2003 - 128 с.
5. Дацюк С. Ноу-хау виртуальных технологий// PC Club, №30, 1997- 32с.
6. Петрова Н. Виртуальная сфера, или новые лица в пространстве виртуальной реальности, 1998 – 86с.

ӘОЖ 373

#### МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ДАМУЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

**Қараулова Хорлан Мизамқызы,**  
педагог- зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
**Нұрахметова Айгүл Баязитқызы,**  
педагог- зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
**Төретаева Жазира Сардарқызы,**  
бірінші санатты, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің М. Қозыбаев атындағы  
№ 23 жалпы білім беретін мектебі» КММ

#### Аннотация

Өзектілігі мен мақсаты: Баяндамада мұғалімнің кәсіби өсуіне жағдай жасау мәселелерінің тиімді шешімін табу, сондай-ақ оларды жетілдіру жолдары қарастырылған. Мұғалімнің кәсіби дамуын, оның құзыреттілігін, педагогикалық шеберлігін арттырудың маңыздылығы ашылады.

**Түйінді сөздер:** білім беру, инновация, кәсіби даму, құзыреттілік, педагогикалық шеберлік.

#### Аннотация

Актуальность и цель: В докладе рассматриваются вопросы, связанные с поиском эффективного решения проблемы создания условий для профессионального развития учителя, а также пути их

повышения. Раскрытие важности развития педагогического мастерства, компетентности и профессионального развития учителя.

**Ключевые слова:** образование, инновация, профессиональное развитие, компетентность, педагогическое мастерство.

### Abstract

**Relevance and purpose:** The report discusses issues related to the search for an effective solution to the problem of creating conditions for the professional development of teachers, as well as ways to improve them. To reveal the importance of the development of pedagogical skills, competence and professional development of the teacher.

**Keywords:** education, innovation, professional development, competence, pedagogical skills.

Қазіргі таңдағы үлкен мәселе - ел ертеңі бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру. Ұлы Абай атамыз «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандастарының бәрі кінәлі» деген. Бүгінде еліміз еңсе көтеріп, әлемдік өркениет пен ұлттық рухани құндылықтарымызға бет бұра бастадық.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқытуды мақсат етіп, педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғыртуды алға қойып отыр. [1.]

Қазіргі жағдайда мектептегі білім беру процесін құрудың басты принципі - оқушының жеке басын дамытуға бағыттау, болашақ кәсіби қажеттіліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іс-әрекет әдістерімен қаруландыру. Мектептің басты міндеті - оқушының жеке тұлғалық дамуына ықпал ететін білім беру ортасын ұйымдастыру.

Бұл мәселені шешу ең алдымен, орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мұғалімдердің кәсіби дайындығына қойылатын талаптардың жоғарлауымен байланысты.

Білім беру жүйесі алдында тұрған талаптарды жүзеге асыру жолында ғалымдар мен педагогтар танымдық іс - әрекетті дамыту әдістерін іздестіруде. И.П.Павлов «...жақсы әдіспен талантты емес адам көп нәрсе жасайды, ал нашар әдіспен ұлы адамның өзі де текке жұмыс істейді» деген болатын.

Міне, сондықтан жеке тұлғаны оқыту мен дамытудағы белгілі әдістердің рөлін бағалай отырып, қоғам дамуының әр кезеңінде адам ақыл - ойының «терең қайнарына бойлай алатын» әдістерді пайдалану жолындағы ізденістер мен ұсыныстар бүгінгі таңда өзекті. Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесіндегі ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу.

Қазіргі заман талабына сай пән оқытушысы ғана болу аз, оқытушы - ұстаз, инноватор болуы тиіс. Біздің еліміздегі әлеуметтік педагогикалық өзгерістер мектептегі жұмыстың мазмұны мен формасын өзгертіп, демократияландыру мен ізгілендіру мәселесі шешімін табуда. Осы өзгерістерді жүзеге асыру үшін мұғалім шығармашыл болуы, мәселелерді өздігінен шеше білуі, оқушы даралығын ескере білуі, яғни оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыруы және технологияларды меңгеріп, оны тиімді қолдана білуі қажет. Жаңа оқу бағдарламалары бойынша жұмыс жасай отырып, мұғалім дамытушылық, тұлғалық-бағдарлы оқыту, яғни коммуникациялық технологиялар, интерактивті әдістер және оқытудың белсенді түрлеріне, деңгейлік саралау технологияларын қолдануға, жобалық және зерттеушілік әрекеттерге, ақпараттарға сүйенеді.

Мұғалімнің кәсіби дағдыларын дамыту кәсіби шеберлік пен педагогикалық шеберлікті арттырудың ажырамас бөлігі болып саналады.

Мұғалімнің кәсіби шеберлік дәрежесі, оның шығармашылық ерекшелігі немен анықталады? Үнемі дамып отырғанда ғана ол уақыт пен мамандық талаптарына жауап бере алады. Ежелгі қытай ойшылы Конфуций: «Ескіге бет бұрған адам жаңа жаңалық ашуға қабілетті, ол мұғалім бола алады» деген.

Ұстаздың кәсіби деңгейі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуымен тікелей байланысты. Мұғалім бақылаушы, тексеруші, қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек.

Кәсіби дағдылардың дамуы дегеніміз - шығармашылық даралықты дамыту, педагогикалық инновацияларға ұмтылу, өзгеріп отыратын педагогикалық ортаға бейімделу.

Қоғамда және дүние жүзінде болып жатқан инновациялық процестер мұғалімге кәсіби өсу мен өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін талап етеді, өйткені «..мұғалім өмір бойы оқитын адам, тек осы жағдайда ғана ұстаздық ету құқығына ие болады» [2, 160б].

Мұғалім алуан түрлі оқыту және бақылау әдістемелерін пайдалана отырып, кәсіби міндеттеріне жауапкершілікпен қараумен қатар, күш жігерді көбірек талап ететін, сапалы әрі табысты оқытуға ерекше мән беру, жоспар құруда, пән бойынша оқытуда, сыныппен жұмыс істеуде, бақылау мен бағалауда және жазба жұмыстарын жүргізуде анағұрлым табысты мұғалімдердің тәжірибесіне сүйенуі қажет. Бұл аталған іс-әрекеттер әріптестеріміздің кәсіби деңгейлерінің өсуіне айтарлықтай ықпал ететіні ақиқат.

Неміс мұғалімі А.Дистервег «Нашар мұғалім шындықты үйретеді, жақсы мұғалім оны табуды үйретеді» деп жазды.

Мұғалімдер оқытудың қалай жүретінін және өздерінің педагогикалық практикасын қалай жақсартуға болатынын түсініп, оқытудың тиімділігіне ықпал етсе, оқушылардың да қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Сабақтың мақсаттары, оның күтілетін нәтижелері туралы сауатты ойлау, оларды жүзеге асыру үшін көптеген стратегиялар мен белсенді жұмыс әдістерін қолдану, уақытты ұтымды пайдалану, үздіксіз қалыптастырушы бағалауды ескеру арқылы оқушылардың білім сапасының арттыруға болады. Күнделікті өзіндік рефлексия және өзін-өзі бағалау, жетілдіру мақсаты туралы ойлану мұғалімнің рефлексивті - бағалау құзыреттілігін арттырады. Бұның бәрі мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді.

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби: «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деген.

Қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімнің кәсіптік мәдениетін көтеру, кәсіби деңгейде жұмыс жасауға баулу білім беру ұйымдары алдындағы басты міндет. Мектебіміздің педагогикалық ұжымы өз жұмысында оқытудың әртүрлі формаларын пайдалана отырып, оқу материалын меңгеру дәрежесі, қабілеттері әртүрлі балаларға білім беруді жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасауда.

Бұл пандемия жағдайында оқушыларға қашықтан оқыту бойынша жүргізіп отырған жұмыстарданда көрінеді. Кейбір пәндер бойынша білім сапасының төмендеуі байқалды. Мұғалім баланы оқуға қалай ынталандыра алады? Мұғалім алдымен баланың оқуға деген қызығушылығын оятуға не кедергі болатынын және оның мүмкіндіктерін толық пайдалануға не мүмкіндік бермейтінін түсінуі, яғни алдымен проблемаларды анықтауы керек.

Ұстаздар инновациялық және интерактивтік әдістерді сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізетінін, білім беруде АКТ ресурстары мен құралдарының құндылығын мойындайды. АКТ мұғалімдердің кәсіби дамуында маңызды рөл атқарады деп санаймыз.

Инновациялық технологияны меңгеру оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, бәсекеге қабілетті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Оқушылардың білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, дамыту мұғалімнің жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады.

Ұстаз әрқашан шәкіртінің жас ерекшелігін ескере отырып технология элементтерін тиімді пайдаланып табиғи дарын, қабілетін аша алуы керек.

Біздің мектептің мұғалімдері түрлі әдіс-тәсілдер, формалар, стратегиялар арқылы оқушылардың жұмысын жандандырып, оқудағы сабақтастыққа, оқуға деген ынтасын арттыруға баса назар аударады. Жоспарларды жүзеге асыру коучинг, тәлімгерлік және желілік қоғамдастықта жұмыс жасау арқылы жүзеге асырылады. Кейбір мұғалімдер өзгеру үшін өз тәжірибесіне ой жүгіртсе, енді бірі өз жұмысындағы өзгерістерге дайын жас мұғалімдерге тәлімгер болады.

Мұғалімдердің кәсіби дамуына мектепішілік қалалық, облыстық, республикалық әдістемелік қолдау көрсету мен біріккен әрекетті жүйелі жүзеге асыру маңызды. Мектепішілік кеңестерде, ӘБ отырыстарында коучингтер өткізілу өте маңызды. Бұндай шараларда әріптестеріміз білім берудегі жаңа тәсілдің тиімді жақтарымен танысады. Одан кейін сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, диалогтік оқыту арқылы іс-әрекетті белсендірудің формаларын, әдістері мен тәсілдерін игереді. Педагогтердің кері байланыс түрлері мен әдістері туралы білімі өзіндік рефлексия жүргізуге, одан әрі тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Бұндай жиылыстар әріптестеріміз арасында ынтымақтастық орта қалыптастырып, біріктіріп, жастарды ынталандырады.

Жас мұғалімдерге үнемі қолдау мен кеңес беру керек. Мұғалімнің кәсіби дамуына әріптестерімен бірлесе отырып, сабаққа өзара қатысу, әңгімелесу, жаңа тәсілдер арқылы сабақты дайындауда әдістемелік көмек алу зор ықпал етеді. Атқарылып жатқан жұмыс көп, ортақ мәселелерді шешуде сенімді қарым-қатынас құрыпжәне сол үшін қолайлы жағдай жасау қаншалықты маңызды екенін түсінеміз. Әріптестеріміз өз қызметінде бірлесіп оқу сабақтарын, іс-шаралар, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу мәселелерін шешеді, нәтижелерін талдайды. Жаңа әдіс-тәсілдер арқылы, бір-бірімен ой бөлісе отырып, тәжірибе алмасу барысында құзыретті мұғалім болуға қалыптастырылады.

Мұғалімдер кәсіби шеберлігін арттыру барысында республикалық, халықаралық, облыс көлемінде әр түрлі шараларға қатысып, өз деңгейін көтеруде.

Сонымен қатар, оқу мен тәрбие сапасын жетілдіру - тікелей мұғалімнің даярлық деңгейіне байланысты. Бұл деңгей үнемі өсіп және өзін-өзі жетілдіріп отыруы керек. Ол – біліктілігін арттыру курстары, семинарлар, конференциялар, өзіндік білімін жетілдіру жоспарлары. Әріптестеріміз «Педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамыту», «Білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға бағытталған педагогтердің кәсіби құзіреттілігін дамыту» атты онлайн оқыту курстарынан өтті. Бұндай курстар сандық ақпараттар әлеміне еркін еруге бағыт береді. Бұл өз кезегінде мұғалімнің кәсіби шыңдалуына, құзыреттілігінің артуына қолайлы фактор болып табылады.

Бүгінде желілік қоғамдастықтар, әртүрлі формада тәжірибе алмасулар, ортақ ойды ортаға салатын басылымдар, іс – тәжірибені тарату жұмыстары жүзеге асырылуда.

Қашан да білімді ұрпақ - болашағымыздың кепілі. Егеменді еліміздің тағдыры - жас ұрпақтың тағдыры - бүгінгі ұстаздардың қолында. Сондықтан біз өмір бойы білім алуға, жастарды өмір бойы білім нәрімен сусындатудан жалықпауымыз керек деп білемін.

Біздің басты мақсатымыз – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру, білімнің дамуына үлес қосу үшін оқушының сабағымызға деген ынтасын жоғалтпай, қызығуын қамтамасыз етуге ұмтылу, оқушылар арасында ой-пікір, шеберлік, бәсекеге қабілетті ел азаматын тәрбиелеу.

Оноре де Бальзактың «ұдай еңбек ету- өнердің де, өмірдің де заңы» дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыру үшін, кәсіби шыңдалуда біз үнемі ізденеміз, үйренеміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК © 2020.)
2. Лизинский В.М., Новый учитель для хорошей школы. – Москва: Педагогический поиск, 2012. – 160 с.
3. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2015 ж.
4. Вазина К.Я. Модель непрерывного саморазвития человека. Авторские программы обучения педагогов нового типа. Оренбург: Изд-во ОГУ, 2012. 23 с.
5. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – Қазақстан мектебі, №4, 2011
6. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж.
7. Тренерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.,6-766
8. Лазарев В.С., Управление инновациями в школе. – Москва: Центр педагогического образования, 2014. – 342с
9. Нурманова, А.Д. Мұғалімнің кәсіби дамуы - білім беру жүйесін жаңартудың негізі . Молодой ученый. - 2016. - № 12.1 (116.1). - С. 44-45. - URL: <https://moluch.ru/archive/116/31454/> (дата обращения: 31.01.2022).

ӘОЖ 377.5

#### **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛЬДЕРІНІҢ БІРІ – МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Каркинбаева Гаухар Алтаевна,**  
Қостанай жоғары политехникалық  
колледжінің оқытушысы  
Қостанай қ., Қазақстан

#### **Аннотация**

Мақалада мемлекетіміздің тәуелсіз ел ретінде дамуы барысында білім беружүйесіндегі инновациялық білім беру модельдері қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие екені көрсетілген. Білім беруді жаңашаландыруды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты: қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туып отыр. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялары мен жаңа технологиялары бар. Колледждерді дамыту жүйесіндегі инновациялық білім беру модельдерінің бірі – модульдік оқыту технологиясын тиімді пайдалану арқылы білім сапасын жоғарлатуға мүмкіндік туады.

**Кілт сөздер:** Заманауи білім беру жүйесі, оқыту технологиялары, модульдік оқыту технологиясы, тиімді әдіс – тәсілдер, сапалы білім мен саналы тәрбие беру.